

Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, сақтандыру брокерінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақылар, сондай-ақ материалдық көтермелемеудің басқа да түрлерін есептеу жөніндегі ішкі саясатына қойылатын талаптарды белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандығы № 74 Қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылды 9 сәуірде № 7525 тіркелді.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 17.02.2021 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы және "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы қаулының мақсаттары үшін мынадай ұфымдар пайдаланылады:

1) басқару органы – екінші деңгейдегі банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, сақтандыру брокерінің (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер үйымдық-құқықтық нысанында құрылған сақтандыру брокерлерін қоспағанда) Директорлар кеңесі, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерінің тиісті басқару органы;

2) белгіленген сыйақы – қаржы үйымының басшы қызметкерлеріне еңбек нормаларын орындағаны үшін қызметкердің біліктілігі, орындалатын жұмыстың күрделілігі, саны, сапасы мен талаптары ескеріле отырып төленетін еңбекақының (тұрақты жалақының) белгіленген мөлшері;

3) белгіленбеген сыйақы – қаржы үйымының белгіленген сыйақыдан басқа жұмыс нәтижелеріне қарай төлейтін қаржы үйымының акцияларын қоса алғандағы, ақшалай сыйақылардың, қосымша ақылардың, ұстемеақылардың, сыйлықақылардың, бонустардың және материалдық көтермелемеудердің басқа түрлерінің басқа нысандары;

4) қаржы үйымы – екінші деңгейдегі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдары, сақтандыру брокерлері, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының филиалдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру брокерлерінің филиалдары;

5) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы үйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 17.02.2021 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қаржы үйымы қаржы үйымының бизнес-жоспарына, қызметінің мақсаттарына, стратегиясына, бағыттарына және көлеміне, қаржылық перспективаларына, корпоративтік басқарудың тиісті және тиімді тетігін құруға және тәуекелдерді басқаруды үйымдастыруға сәйкес келетін қаржы үйымының басшы қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақылар, сондай-ақ материалдық көтермеледің басқа түрлерін есептеу жөніндегі ішкі саясатты (бұдан әрі – ішкі саясат) әзірлеуді, ендіруді және қолдау көрсетуді жүзеге асырады.

3. Ішкі саясатта:

1) ішкі саясаттың мақсаттары, міндеттері, сондай-ақ қаржы үйымының басшы қызметкерлеріне сыйақы есептеудің қағидаттары;

2) қаржы үйымы басшы қызметкерлерінің белгіленген және белгіленбеген сыйақысының құрылымы;

3) басшы қызметкерлердің сыйақы мөлшерін арттыру деңгейлері және қағидалары;

4) басшы қызметкерлер жұмысының тиімділігін бағалау жүйесі;

5) қаржы үйымының лицензияланатын қызмет түрімен айналысатын құрылымдық бөлімшелердің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын басшы қызметкерлерге тәуекелдер деңгейі сақталған, қаржы үйымы айқындаған мәндер шегінде капитал сақталған жағдайда стратегияға, бизнес-жоспарға және кірістер немесе айқындалған жұмыстарды орындау бөлігінде басқа да ішкі жоспарлы құжаттарға қол жеткізуіне қарай еңбекақы төлеу жүйесі;

6) белгіленбеген сыйақы төлеуге негіз болмайтын талаптар бар.

4. Ішкі саясат мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) қаржы үйымының әрбір басшы қызметкеріне белгіленбеген сыйақының мынадай бөліктерінің біреуін төлеуді тоқтата тұру көзделеді:

белгіленбеген сыйақының 50 (елу) пайызын құрайтын белгіленбеген сыйақының бөлігін; немесе

белгіленбеген сыйақының жынтығында қаржы жылы ішінде тиісті қаржы жылына арналған респубикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 7500 еселенген мөлшерінен асатын бөлігін.

Белгіленбекен сыйақының тоқтатыла тұрған бөлігі тең үлестерге бөлінеді, олардың әрқайсысы белгіленбекен сыйақының тоқтатыла тұрған бөлігі сомасының үштен бірінен аспайды және кемінде үш жылды құрайтын кезең ішінде әрбір он екі ай өткен соң төленеді.

Белгіленбекен сыйақының тоқтатыла тұрған бөлігі қаржы ұйымының белгіленбекен сыйақының тоқтатыла тұрған кезекті бөлігін төлеудің алдындағы қаржы жылдының нәтижелері бойынша зияны болған кезде атқарушы органның басшысына, сондай-ақ қаржы ұйымының лицензияланатын қызмет тұрімен айналысатын құрылымдың бөлімшелердің қызметін үйлестіруді және (немесе) бақылауды жүзеге асыратын басшы қызметкерлерге төленбейді.

Белгіленбекен сыйақының тоқтатыла тұрған бөлігін төлеуге қаржы ұйымы кепілдік бермейді және басшы қызметкер есепті кезең аяқталғанға дейін жұмыстан босатылған жағдайда жүзеге асырылмайды.

2) қаржы ұйымының акциялары түріндегі белгіленбекен сыйақыны төлеу қаржы ұйымының осы акцияларды кері сатып алу міндеттемесінсіз осы акцияларды міндетті түрде кемінде 3 (үш) жыл иелену талабымен жүзеге асырылады (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сақтандыру брокерлерінің қызметіне қолданылмайды);

3) қаржы ұйымының стратегиялық мақсаттарына және корпоративтік басқару қағидаттарына сәйкес әзірленеді;

4) қаржы ұйымы басшы қызметкерлерінің жұмыс тиімділігінің акционерлердің мұдделеріне сәйкес келетін және қаржы ұйымының жоспарланған нәтижелеріне және тиімді қызметіне қол жеткізуге бағытталған көрсеткіштерге негізделеді;

5) басқару органының мүшелері болып табылатын барлық тәуелсіз директорлардың келісімі болған кезде басқару органы (жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған сақтандыру брокерлерінің қызметіне қолданылмайды) бекітеді.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 26.08.2019 № 148 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.03.2020 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 17.02.2021 № 34 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

5. Алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

7. Қаржы үйымдары 2013 жылғы 1 қаңтарға дейінгі мерзімде өз қызметтерін осы қаулының талаптарына сәйкес келтірсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Г. Марченко

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі
2012 жылғы 28 наурыз

Төраға _____ Ә.А. Смайылов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2012 жылғы 24 ақпандағы
№ 74 қаулысына
қосымша

Әкімшілік деректерді жинауга арналған нысан Қаржы үйымының басшы қызметкерлеріне төленген кірістер туралы есеп

Ескерту. Қосымша алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК